

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



**"ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАҒА" КӨШУ ЖАҒДАЙЫНДА
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ:
ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ ЕЛДЕРІНІҢ ТӘЖІРИБЕСІН ҚОЛДАНУ"
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК ТРУДОВ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
В УСЛОВИЯХ ПЕРЕХОДА К «ЗЕЛЕННОЙ ЭКОНОМИКЕ»:
ПРИМЕНЕНИЕ ОПЫТА СТРАН ЕВРОПЕЙСКОГО СОЮЗА»**

**WORKS
OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE
"SUSTAINABLE DEVELOPMENT OF THE REPUBLIC
OF KAZAKHSTAN IN THE CONDITIONS
OF TRANSITION TO A "GREEN ECONOMY": APPLICATION OF THE EXPERIENCE
OF THE COUNTRIES OF THE EUROPEAN UNION"**

АСТАНА, 2022
ASTANA, 2022



Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

**"ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАҒА" КӨШУ ЖАҒДАЙЫНДА
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ:
ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ ЕЛДЕРІНІҢ ТӘЖІРИБЕСІН ҚОЛДАНУ"**

*Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ*

СБОРНИК ТРУДОВ

Международной научно-практической конференции
**«УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
В УСЛОВИЯХ ПЕРЕХОДА К «ЗЕЛЕННОЙ ЭКОНОМИКЕ»:
ПРИМЕНЕНИЕ ОПЫТА СТРАН ЕВРОПЕЙСКОГО СОЮЗА»**

WORKS

of the International scientific and practical conference
**"SUSTAINABLE DEVELOPMENT OF THE REPUBLIC
OF KAZAKHSTAN IN THE CONDITIONS
OF TRANSITION TO A "GREEN ECONOMY": APPLICATION OF THE EXPERIENCE
OF THE COUNTRIES OF THE EUROPEAN UNION"**

АСТАНА
28.10.2022

ӘОЖ 338 (574)
КБЖ 65.9 (5Каз)
Ж 33

Рецензенты:

Мажитов Д.М. – к.э.н., профессор НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева»

Редакционная коллегия

Мақыш С.Б. – д.э.н., профессор, декан экономического факультета, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

Stanislaw Luniewski – Генеральный директор ООО "ASTWA", профессор Университета финансов и менеджмента в Белостоке, почетный профессор ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Польша

Artur Luniewski – Член правления ООО "ASTWA" доктор философии, почетный профессор ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Польша

Майдырова А.Б. – д.э.н., профессор, заведующая кафедрой «Экономика и предпринимательство» ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

Насырова Г.А. – д.э.н., профессор, заведующая кафедрой «Финансы» ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

Сембиева Л.М. – д.э.н., профессор, заведующая кафедрой «Государственный аудит» ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

Бейсенова Р.Р. – д.биол.н., профессор, заведующая кафедрой " Управление и инжиниринг в области охраны окружающей среды " ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

Мукашева А.А. – д.ю.н., профессор кафедры "Гражданское, трудовое и экологическое право" ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

Муталиева Л.М. – к.э.н., ассоциированный профессор, заведующая кафедрой «Туризм» ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

Жагыпарова А.О. – к.э.н., ассоциированный профессор, зам.декана по научной работе экономического факультета ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

ISBN 978-601-337-777-3

Ж 33

«Жасыл экономикаға» көшу жағдайында Қазақстан Республикасының тұрақты дамуы: еуропалық одақ елдерінің тәжірибесін қолдану» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. – Астана: "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті"КЕАҚ, 2022. – 484

Сборник трудов международной научно-практической конференции «Устойчивое развитие Республики Казахстан в условиях перехода к «зеленой экономике»: применение опыта стран европейского союза». – Астана: НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева», 2022. – 484

Works of the International scientific and practical conference «Sustainable development of the Republic of Kazakhstan in the conditions of transition to a "green economy": application of the experience of the countries of the European Union». – Astana: NAO "L.N. Gumilyov Eurasian National University", 2022. – 484

ISBN 978-601-337-777-3

УДК 338 (574)
ББК 65.9 (5Каз)

© "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті"КЕАҚ, 2022 © НАО
«Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева», 2022
© NAO "L.N. Gumilyov Eurasian National University", 2022

6. Норт, Д. Институты и институциональные изменения и функционирование экономики [Текст] / Д. Норт; пер. с англ. А.Н. Нестеренко; предисл. и науч. ред. Б.З. Мильнера. – М.: Фонд экон. кн. «Начала», 1997. – 180 с.

7. Оценка потребностей в обучении по «зеленой» экономике: Кыргызская Республика//Центр окружающей среды и развития (ЦОР), АУЦА Тянь-Шаньский аналитический центр (ТАЦ), АУЦА, 2018 г.

https://www.un-page.org/files/public/page_final_draft_gela_250618.pdf

8. Урманбетова Ж.К., Абдрасулов С.М. Истоки и тенденции развития кыргызской культуры. Бишкек: Илим, 2009. – 212 с.

ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ МЕН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ҚОЛДАУ

Жантелеуова Г.М.

«Экономика» мамандығының докторанты
Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.
E-mail: zhanteleuova@mail.ru

Адамның қоршаған ортаға теріс әсері жаһандық ауқымға ие бола бастады. Планетадағы экологияның нашарлауының негізгі себептері: құрылыс жұмыстары, өнеркәсіптің дамуы, көлік, тау-кен өндірісі және т.б. Табиғатқа теріс әсер климаттың өзгеруі, экологияның нашарлауы, табиғи апаттардың көбеюі сияқты сәттерден көрінеді. Бұл мәселені шешудің негізгі жолы-қоғамда экологиялық сананы қалыптастыру.

Экологиялық сананың дамуына әлеуметтік кәсіпкерлік те ықпал етеді, ол – әлеуметтік мақсатты кәсіпкерлік жаңашылдықпен біріктіретін әлеуметтік және экономикалық қызметтің жаңа әдісі және тұрақты өзін-өзі қамтамасыз етуге қол жеткізу. Әлеуметтік мәселелерді шешу үшін құрылған әлеуметтік кәсіпорындардың жұмысы – қаржылық тәртіп, инновация және жеке секторда қабылданған істер тәртібі [1].

Әлеуметтік кәсіпкерлік келесі белгілермен сипатталады: қоғамдық әсер ету, инновация, өзін-өзі қамтамасыз ету және қаржылық тұрақтылық және ауқымдылық, кәсіпкерлік тәсіл [2].

Экология мен әлеуметтік кәсіпкерліктің байланысы айқын. Экологиялық проблемалар аумақтың әлеуметтік-экономикалық проблемаларының салдары ретінде туындайды, сондықтан перспективалы жобаларға әлеуметтік кәсіпкерлік қағидаттарында ұйымдастырылғандарды жатқызу қажет. Әлеуметтік кәсіпкердің пайда болуымен «жасыл» экономиканы дамытуды қолдаудың өзін-өзі ұйымдастыратын жаңа жүйесі құрылуда. Әлемде экологиялық кәсіпкерліктің қарқынды қалыптасуы XX ғасырдың 70-ші жылдардың аяғы мен 80-ші жылдардың басына басталды. Экологиялық менеджмент бойынша Дүниежүзілік өнеркәсіптік конференция құрылды, оның құрылуының бастамашылары АҚШ пен Батыс Еуропа елдері болды. Жаһандық экологиялық мәселелерді шешу үшін, ірі бизнестің назарын аудару мен қалдақсыз өндірісті тұрақты дамыту үшін кәсіпкерлер өз қатысушыларына аранлған қатаң экологиялық стандарттар белгіледі. Бұл стандарттар осы елдерде әлеуметтік-экологиялық кәсіпкерліктің дамуына ықпал етті [3].

Кесте 1 – Әлеуметтік кәсіпкерлердің табиғатты қорғау қызметі

Қызмет бағыттары	Қызмет түрлері	Әлеуметтік кәсіпкерлік мысалында
Ресурстарды үнемдеу	Жинақтауды, сұрыптауды ұйымдастыру және қайта өңдеу	Пластик қалдықтарыды құрылыс материалдарында пайдалану мен экологиялық таза өнім өндіру

Экологиялық білім беру	Қоршаған ортаны аялау дағдыларын қалыптастыру, экологиялық мәдениетті дәріптеу	Балаларға арналған табиғаттану, экологиялық және эстетикалық сипаттағы экскурсиялар, шеберлік сабақтары, лекциялар және басқа да танымдық және тәрбиелік іс-шаралар. Ойын түрінде балалар мен ересектерге экологиялық білім беру
Энергия тиімділігі	Өндірісті баламалы энергия көздеріне көшіру, энергияны үнемдеу шаралары	Күн коллекторларына негізделген жылу жүйесін енгізу, ресурс үнемдейтін технологиялар насихаттау, жылу шығындарын азайту, қызмет көрсету аясын кеңейту.
Өнімдер мен қызметтерді өндіру	Экологиялық аудит, баламалы ресурстарды пайдалану, қауіпсіз өнім өндіру	Экологиялық аудит, баламалы ресурстарды пайдалану, қауіпсіз өнім өндіру

Қазіргі уақытта Жапония экологиялық кәсіпкерлік саласындағы көшбасшы болып табылады. 1988 жылдан бастап Жапонияда экологиялық бизнес жөніндегі арнайы кеңес жұмыс істейді. Оған экологиялық ірі жобаның бірі ретінде: өндірістің улы қалдықтарын жағатын плазмалық түрлендіргішті атауға болады. Улы қалдықтардан синтетикалық газ алынады, оның табиғи аналогымен салыстырғанда энергия сыйымдылығының 90%-ы, оны электр энергиясын өндіру үшін де пайдаланылады. Нәтижесінде түрлі қатты қалдықтан экологиялық таза тас өндіріліп, оның қасиеттері обсидианға ұқсас болып отыр. Экологиялық таза тасты құрылыс пен жол жұмыстарын өндіруде қолдануға болады.

Канададағы үш мыңнан астам компания табиғатты қорғау жабдықтарын шығарады және табиғатты қорғаумен байланысты қызметтерді ұсынады. Американдық фирмалар жыл сайын қоршаған ортаны қорғауға байланысты іс-шараларға шамамен 80 миллиард доллар инвестициялайды. Бұл сомма елдің ЖІӨ-нің 1,5-1,7% құрайды. АҚШ-та тазарту техникасы, экологиялық таза тұтыну өнімдері: табиғи тамақ өнімдері, зиянсыз бояулар және т.б. өндіріледі. Осындай өнімдерді өндірумен айналысатын кәсіпорындар нарықта оң беделге және қолайлы имиджге ие болады, өйткені қазіргі уақытта табиғи ингредиенттерден өнімдер жасау өте тиімді және беделді қызмет болып саналады. Осылайша, өнімнің экологиялық параметрлері компанияның әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігіне әсер етеді [3].

Әлеуметтік кәсіпкерлік шеңберінде экологиялық салада әртүрлі жұмыстармен айналысуға болады: қайталама шикізатты қолдану, ресурс үнемдеу технологиялары, экологиялық білім беру, экологиялық таза тауарларды өндіру және сату, қоршаған ортаны абаттандыру, экологиялық қызмет көрсету, демалысты ұйымдастыру.

Қазіргі уақытта бүкіл әлемде әлеуметтік кәсіпкерлік аясында жүзеге асырылатын экологиялық жобалардың саны өте көп. «Rothy's» компаниясы қайта өңделген пластикалық бөтелкелерден аяқ киім өндіру ісімен айналысады. Қазіргі уақытта кәсіпорын осындай 25 миллион бөтелкені қайта өңделді. Голландиялық «Ecobirdy» жобасы сынған, жарамсыз, балалар ойыншықтарынан жиһаз жасаумен айналысады. Сонымен қатар, компания «Пластиктің зияны» туралы білім беру жобасын құрды, сонымен қатар балабақшаларда балалар сынған ойыншықтарды тастай алатын арнайы контейнерлер орнатты. Осы уақытқа дейін кәсіпорын 25 тонна ойыншықтарды қайта өңдеді [4].

Бразилиялық «Muzzicycles» компаниясы рамалары қайта өңделген пластикалық бөтелкелерден жасалған велосипедтер шығарады. Бір жақтауда осындай 200 бөтелке бар. Бұл велосипед өндірісінде рамалар әдеттегіден жеңіл болып отыр және арзан бағамен алынады. Тауарға кепілдік 100 жыл. Американдық «Nebbia» компаниясы әдеттегі су ағындарының орнына ең кішкентай тамшыларды бүрку принципін қолданатын душ жүйесін ойлап тапты. Осылайша, ол 70% суды үнемдейді. Жүйені «Apple», «NASA» және «Tesla» инженерлері жасаған [4].

«Plasticroad» қайта өңделген пластиктен жасалған құрылыс модульдерін шығаратын голландиялық компания, оның өнімдері асфальт жолдарына қарағанда оңай және арзанырақ өндіріледі. Ішіне құбырлар мен кабельдерді салуға болады. Модульдердың қызмет ету уақыты бірнеше ондаған жылдарға созылуы мүмкін және оларды қайта өңдеуге болады [4].

Голландиялық Дизайнер Мики Мейер көптеген көлемдегі сатылмаған газеттерге ашуланып, бүкіл ормандардың жойылып кетпеуі үшін, «газет ағашы» атты материал ойлап тапты (Newspaper Wood). Ол сығымдалған және жиналған ескі газеттер мен органикалық желімді пайдалана отырып, сыртқы түрі мен беріктігі бойынша ағашқа ұқсайтын материалды өндіріске қосты. Қазіргі уақытта «газет ағашы» материалынан жиһаз бен интерьер заттары жасалады [4].

Ресейдегі экологиялық кәсіпкерлікке келетін болсақ, қажетсіз заттарды: ескі жиһаздар мен жабдықтарды, киімдерді, кітаптарды, ыдыс-аяқтарды, ойыншықтарды шығарумен айналысатын «Полигон» қызметі айқын мысал бола алады[5]. Осылайша, экологиялық саладағы әлеуметтік кәсіпкерлік қызметінің бірнеше бағыттарын бөліп көрсетуге болады (кесте 2).

Кесте 2 – Экологиялық жобалардағы әлеуметтік кәсіпкерлік қызметінің негізгі бағыттары

Қызмет бағыты	Қызмет түрі
Тауарлар мен қызметтерді өндіру	Қауіпсіз, экологиялық таза өнім өндіру; балама ресурстарды пайдалану; экологиялық аудит жүргізу
Экологиялық білім беру	Халық арасында экологиялық сауаттылықты қалыптастыру, табиғатты қорғау шараларының санының артуы
Ресурстарды үнемдеу	Қалдықтарды жинау, сұрыптау, қайта өңдеу және оларды екінші реттік пайдалану
Энергия тиімділігі	Өндірісте балама көздерді пайдалану энергия, энергия үнемдеу шараларын ұйымдастыру

Экологиялық жобалардағы әлеуметтік кәсіпкерлік қызметінің негізгі бағыттары тауарлар мен қызметтерді өндіру, экологиялық білім беру, ресурстарды үнемдеу, энергия тиімділігі болып табылады [2].

Қазақстан Республикасы Үкіметі 2021 жылдың 12 қазандағы № 731 қаулысымен «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасын бекітті. Ұлттық жобаны әзірлеудің негізгі мақсаты – халық үшін қолайлы өмір сүру ортасын құру және экологиялық жағдайды жақсарту, оның ішінде: атмосфералық ауа сапасын жақсарту, өндіріс және тұтыну қалдықтарымен тиімді жұмыс істеу, суды тиімді және ұқыпты пайдалану, Балқаш көлі мен Солтүстік Арал теңізінің экожүйелерін сақтау, сирек кездесетін және жойылып бара жатқан жануарлар түрлері мен ихтиофаунаның санын ұлғайту, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру, жасыл екпелер алаңын ұлғайту, табиғат пен жануарлар дүниесіне ұқыпты қарауға дағдыландыру арқылы биологиялық әртүрлілікті сақтау, сондай-ақ халықтың экологиялық санасын жаңғырту боып табылады [6].

Жоба 2021-2025 жылдар аралығында жүзеге асырылады. Іске асыру үшін қажетті қаржыландыру көлемі 1413126,354 млн теңгені құрайды. Барлығы 61043 жұмыс орны құрылады, оның ішінде 830-ы тұрақты болса, 60213 уақытша қызмет атқарады [7].



Сурет 1 – «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасының негізгі бағыттары

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, халықаралық экологиялық кәсіпорындар өндіретін өнім көлемі 600 миллиардтан 2 триллион долларға дейін жетеді. Көрсеткіштің өсу қарқыны жылына 5,5-тен 7%-ға дейін. Үлес АҚШ, Жапония және ЕО елдерінің ЖІӨ-дегі экобизнес 10-нан 24%-ға дейін ауытқиды.

Жыл сайын АҚШ-та өндірілетін қоршаған ортаны қорғау өнімдері мен қызметтерінің көлемі 37 миллиард долларға, Жапонияда – 30 миллиард долларға, Германияда – 20 миллиард долларға, Францияда – 10 миллиард долларға бағаланады. Шығыс Еуропа елдері, соның ішінде ТМД елдері жыл сайын 20 млрд долларға экологиялық өнімдер мен қызметтерді өндіреді [8].

Жыл сайын экологиялық жобаларды жасайтын және жүзеге асыратын әлеуметтік кәсіпкерлердің саны артып келеді, бұл қоршаған ортаның сапасын жақсартуға және әсіресе қоғамда экологиялық мәдениетті дамытуға және насихаттауға ықпал етеді.

Әдебиеттер:

1. «Социальное предпринимательство в России и в мире: практика и исследования»/Рецензент: А.Ю. Чепуренко. Авторский коллектив: А.А. Московская, М.А. Аларичева, А.И. Албутова, М.Н. Васина (Зайцева), Т.С. Лыткина, М.В. Мамута, И.П. Попова, В.Л. Силаева, О.С. Сорокина, И.А. Сыкалов, О.В. Шлыкова [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://www.hse.ru/data/2011/11/01/1269337965/04.pdf>
2. «Социальное предпринимательство в экологических проектах» /О.А. Рябова, А.В. Мещанкин //Менеджмент: лаборатория современных практик. – 2015. – № 2. – С. 86–94.
3. Cyberpedia. Этапы развития экологического предпринимательства в России и за рубежом. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://cyberpedia.su/8x858a.html> (дата обращения 15.04.2022).
4. Яндекс Дзен. «Экостанция». [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://zen.yandex.ru/media/id/5e44ff717c380d285fd31233/10-krutyhekologicheskikh-proektov-kotorye-delaiut-planetu-chisce-v-nekotoryh-iz-nih-vynaverniaka-pouchastvovali-5e91b0e596412e33aac3c1a1> (дата обращения 15.04.2022).
5. «Немузей мусора» официальный сайт. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://nemuseumusora.ru> (дата обращения 15.09.2022)
6. Қазақстан Республикасы Үкіметі 2021 жылдың 12 қазандағы № 731 қаулысымен «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы.
- 7.<https://massaget.kz/layfstayl/alemstanu/Qazaqstanym/66616/?ysclid=1934m4fhq3528079294>
8. Филичева Т.П. Проблемы развития экологического предпринимательства Т.П. Филичева //Вестник Владивостокского государственного университета экономики и сервиса. – 2018. – №1. – С.51-56.